



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2021 жылға Қазақстан Республикасы халқының
туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Халық статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Рысбаев Қайыр Қайыргелдіұлы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

k.rysbaev@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 74 93 43

S.2 Өзектілік- кіріспе

Халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы - өлім-жітімнің негізгі көрсеткіштерінің бірі, бұл есептеу жүргізілген жылы туған ұрпақтан бір адам өмір сүретін жылдар саны. Сондай-ақ, бұл көрсеткіш халықтың қартаю процесін анықтауда қолданылады.

Күтілетін өмір сүру ұзақтығы туралы деректер әлем елдерінің рейтингтерінде, адами капиталды есептеу кезінде, Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексында, "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасында және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының меморандумдарында ескеріледі.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

23.04.2019

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

23.04.2019

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

23.04.2019

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Өлім-жітім кестесінің көрсеткіштері жасы бойынша және тіркелген бастапқы санымен кейбір теориялық ұрпақтың өлім-жітімнің әсерінен жасына қарай азаю процесін сипаттау сияқты ұйымдастырылған және өзара байланысты бірқатар сандар жүйесін білдіреді. Өлім-жітімнің кестесі «Өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы» көрсеткішін бағалау үшін құрылады.

Өлім-жітімнің толық және қысқа кестелері бар. Өлім-жітімнің толық кестелерінде жас барлық бүтін мәндерді қабылдайды, жас шамасын өзгерту қадамы 1 жыл 0-ден 100 жылға дейін. Өлім-жітімнің қысқа кестелерінде жас 5 қадамнан бастап, алғашқы бес жыл өмір сүру ұзақтығы мен жыл бойынша бөлумен: 0, 1, 2, 3, 4, 5-9, 10-14, ... 80-84,

85 жас және одан үлкен немесе 0, 1-4, 5-9, 10-14, ... 80-84, 85 жас және одан үлкен.

Өлім-жітім кестелерін есептеу үшін бастапқы статистикалық деректер ретінде осы күнтізбелік жыл ішіндегі осы жаста қайтыс болғандар санының осы жастағы адамдардың орташа жылдық санына қатынасы ретінде есептелетін өлім-жітімнің коэффициенттері алынады:

$$m(x) = M(x)/P(x),$$

мұнда:

$m(x)$ – x жастағы өлім-жітім коэффициенті;

$M(x)$ – x жастағы қайтыс болғандар саны;

$P(x)$ – x жастағы халықтың орташа саны.

$$q(x) = (n * (m(x)) / (1 + (n - a(x)) * m(x))),$$

мұнда:

$q(x)$ – x -дан $x + n$ жыл жасқа дейінгі жас интервалында өлім

ықтималдығы; n – жас интервалы;

$m(x)$ – x жасындағы өлім-жітім коэффициенті;

$a(x)$ – x -дан $x + n$ жас интервалында өмір сүрген адам-жылдардың орташа саны.

Әрбір qx нақты x жыл жасына жеткен адамның $x + n$ жыл жасына дейін өмір сүре алмайтын ықтималдығын білдіреді. Алынған ықтималдықтар негізінде өлім-жітім кестесінің барлық қалған көрсеткіштері есептеледі.

Келесі px жасқа дейінгі өмір сүру ықтималдығы – оның басталуына дейін өмір сүріп жатқандар санынан осы жас интервалының соңына дейін өмір сүріп жатқан адамдар үлесін білдіреді.

$$p(x) = 1 - q(x),$$

Ұрпақтың бастапқы (кестенің түбірі) l_0 саны 100 000-ға қабылданады.

$$l(x+n) = l(x) * p(x) = l(x) - d(x),$$

$$d(x) = l(x) - l(x+n) = l(x) * (1 - p(x)) = l(x) * q(x),$$

мұнда:

$l(x)$ – когорттың бастапқы санынан x нақты жасына дейін өмір сүргендер саны;

$p(x)$ – келесі x жасқа дейінгі өмір сүру ықтималдығы;

$d(x)$ – x -тан $x + n$ дейінгі жас интервалында қайтыс болғандар саны.

$$L(x) = 1/2 * (l(x) + l(x+n)),$$

мұнда:

$L(x)$ – x -тан $x + n$ -ға дейінгі жастар интервалында өмір сүріп жатқандар саны;

$$T(x) = \sum (x_w) L(x),$$

мұнда:

$T(x)$ – x жыл және одан үлкен жастардағы өмірдегі адам-жыл саны.

$$e(x) = T(x)/l(x),$$

X жасына жеткен күтілетін өмір сүру ұзақтығы қазіргі өлім-жітімнің әрбір келесі жасын сақтаған кезде осы жасқа жеткендерге алда өмір сүруі қажет жас санын білдіреді.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

ӘАОЖ - әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші; ТЖБАЛ08 - жекелеген жас топтары бойынша топтама

СП - жынысы бойынша анықтамалық

S.4.3Секторлық қамту

Жастары бойынша халықтың орташа жылдық саны, әр жаста қайтыс болғандар саны, әкімшілік-аумақтық өзгерістер.

S.4.4Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Күтілетін өмір сүру ұзақтығы бойынша деректер есептік жылдағы халықтың өлім-жітім туралы деректер негіздегі есептік корсеткіштер болып табылады. Өлім-жітім туралы мәліметтер азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар жасаған қайтыс болу туралы азаматтық хал актілерінде қамтылған деректердің жыл сайынғы статистикалық әзірлемелері негізінде алынады. Өлімді тіркеу қайтыс болған жері бойынша және тұрақты тұратын жері бойынша қайтыс болу туралы куәліктің қайтыс болу туралы медициналық анықтама, қайтыс болған жарияланған туралы сот шешімі, қайтыс болу фактін анықтау туралы сот шешімі негізінде жүзеге асырылады. Өлім-жітім туралы деректерді статистикалық әзірлеу қайтыс болған адамның тұрақты тұратын жерінде қалыптастырылады.

Өлім-жітім - бұл халықтың әртүрлі жастарында орын алған көптеген жекелеген өлімнен тұратын ұрпақтың жойылу процесі;

Өлім себебі - өлімге әкеп соқтырған немесе оған алып келген аурулар, патологиялық жағдайлар немесе жарақаттар, сондай-ақ өліммен аяқталған жарақатты алған жазатайым оқиға немесе зорлық-зомбылық оқиғалары.

S.4.5Статистикалық объект

Қазақстан Республикасының тұрақты тұрғындары

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Іріктемелік зерттеулер жоқ

S.4.7Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (14 облыс, республикалық маңызы бар 2 қала және астана)

S.4.8Қамту уақыты

2000 жылдан бастап 2021 жылға дейін

S.4.9Базалық кезең

Өткен жылға сәйкес келеді.

S.5Өлшем бірлігі

Жыл саны

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7Құқықтық негіз

S.7.1Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағаның м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.

5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6388 болып енгізілді.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 1 бұйрығымен бекітілген "Өлім-жітім көрсеткіштерін есептеу әдістемесі". Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 17555 болып енгізілді.

S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидастары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігі. Бюроның есептеу техникасы құралдарында, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы жағдайында өңделетін және сақталатын ақпараттың күпиялығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Күпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы

13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6388 болып енгізілді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы.

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА ҰСБ сайтында www.stat.gov.kz «Негізгі» бөлімінде// «Негізгі құжаттар» орналасқан.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.gov.kz сайтында "Негізгі" // "Негізгі құжаттар" бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген мөлшерде ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес таратылады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға статистикалық органдардың Интернет-ресурстарында (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты www.stat.gov.kz) орналастыру арқылы сапалы статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдістемеге бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтар береді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты stat.gov.kz - Ресми статистика - сала бойынша - Демографиялық статистика - Статистика - жедел ақпарат - Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша туу кезіндегі халықтың өмір сүру ұзақтығы.

S.10 Тарату жиілігі жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары жарияланған жоқ

S.11.2 Жарияланымдар

Жарияланым Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайтында орналастырылған stat.gov.kz (кезеңділігі - жылдық) Ресми статистика - Салалар бойынша - Демографиялық статистика - Статистика - Жедел ақпарат - Қазақстан Республикасы халқының өңірлер бойынша туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы; - Жарияланымдар - Статистикалық жинақ - Қазақстанның демографиялық жылнамасы;

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі - Демографиялық статистика - Қазақстан Республикасы халқының туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі - кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6388 болып енгізілді. (СЖРА Ұлттық статистика Бюросының www.stat.gov.kz сайтында орналастырылған).

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты сайты stat.gov.kz
Негізгі - -Әдіснама - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 1 бұйрығымен бекітілген Өлім-жітім көрсеткіштерін есептеу әдістемесі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылы 16 қазанда № 17555 тіркелді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы СЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.

3. Сапа менеджменті жүйесі құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Демографиялық статистика деректерінің сапасы мен сенімділігі жалпы қабылданған процедуралармен расталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі қағидаларын сақтау;
- бастапқы деректерді өңдеу кезеңдерінде барлық басқару схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) жасалынған және енгізілген.
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада, әкімшілік деректермен, салааралық).

S.13.2 Сапаны бағалау

Өлім-жітім көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістеме халықаралық

стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 21 қыркүйектегі №1 бұйрығымен бекітілді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: халықаралық ұйымдар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Статистикалық комитеті, Еуропа экономикалық комиссиясы, Денсаулық сақтау министрлігі және басқа да мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар.


S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Бюро жыл сайын Q-002 «Пайдаланушыларды зерттеу» сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауал салу жүргізеді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік



2021 жылға Қазақстан Республикасында туған кезде күтілетін өмір сүру ұзақтығы 70,23 жас, қала халқы – 69,91 жас, ауыл халқы – 70,79, ерлер – 66,33, әйелдер – 74,03.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

- Қолданылмайды
- S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі
- Қолданылмайды
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.16.1 Уақыттылық
- S.16.1.1 ТР1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер
- Алғашқы нәтижелерді өңдеуге кететін уақыт, әкімшілік дереккөздерден бастап алғашқы жарияланымға дейін - 50 күн. 2021 жылдың қорытындылары алғаш рет 2022 жылғы 25 сәуірдегі жедел ақпаратта жарияланды. Жарияланған мәліметтер түпкілікті болып табылады. Шығарылым күндері статистикалық жұмыс жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде бекітіліп, жарияланады.
- S.16.1.2 ТР2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер
- Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.
- S.16.2 Ұқыптылық
- S.16.2.1 Ұқыптылық/ТР3
- Жедел ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына және ресми статистиканы тарату кестесіне сәйкес бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады.
- Қазақстан Республикасы СЖРА ҰСБ Басшысының бұйрығымен бекітілген ақпарат.
- Егер жариялау мерзімі демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, жариялау мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.
- S.17 Салыстырмалылық
- S.17.1 Географиялық салыстырмалығы
- Қазақстан Республикасының аумағында
- S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1
- Жоқ
- S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2
- Туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығының жынысы бойынша бөліністегі динамикалық қатары 2000 жылдан бері салыстырмалы және тұрақты. Осы динамикалық қатарлар «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесінде Демографиялық статистика - Қазақстан Республикасы халқының туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығында орналастырылған.
- S.18 Келісушілік
- S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 21 қыркүйектегі бұйрығымен бекітілген «Өлім-жітім көрсеткіштерін есептеу әдістемесі» «Біріккен Ұлттар Ұйымының "Халықтың табиғи қозғалысын статистикалық есепке алу жүйесіне арналған қағидаттар мен ұсынымдарына" сәйкес келеді (2015 ж.) Бұл көрсеткішті Денсаулық сақтау министрлігі, Экономикалық зерттеулер институты, сақтандыру және басқа ғылыми ұйымдар өз есептерінде пайдаланады.
- S.18.2 Ішкі келісушілік
- Жоқ

S.19 Жүктеме

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі – ҚР Әділетмині) АХАЖ АЖ-нен Өлім-жітім туралы актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ДСМ) ХТП АЖ-нен туу туралы медициналық куәліктер Бюроның ХСТ-не онлайн режимде түседі. Ай сайын есептік кезеннен кейінгі 10 күні ХСТ АЖ «АХАЖ жүктелімі» модулінен жүктелім талаптарына сай «Өлім-жітім» оқиғалары бойынша кестелер жүктеледі. Қалыптастырылған «Өлім-жітім» кестесі форматты-логикалық бақылауға және толықтығына тексеріледі. Мәліметтердің қате немесе толық еместігі анықталса бұл жазбалар облыстық және қалалық статистика департаменттеріне әкімшілік дерккөздермен жұмыс жасауға беріледі.

Содан кейін есептік кезеннен кейінгі айдың 25 күні пысықталған «Өлім-жітім» кестесі Бюроның Ақпараттық есептеу орталығына беріліп, ол жерде деректерді өңдеу және ағымдағы жылға арналған статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес кестелер шығарылымы жүргізіледі. Кейін қалыптастырылған кестелер Бюроға беріледі, онда ақпаратты талдау, бекіту және тарату жүргізіледі.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

2021 жылғы деректер қайта қаралған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Өлім-жітім туралы деректер көзі ҚР Әділетминінің және ҚР ДСМ әкімшілік деректері болып табылады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

АХАЖ органдарының өлім туралы акт жазбалары

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Алғашқы статистикалық деректердің анықтығын тексеру үшін форматтық-логикалық бақылау қарастырылған. Деректерге талдау жүргізіледі.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды

Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету және есептеуді автоматтандыру жұмыстарын жалғастыру